Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК
2025-2026 оқу жылының № 1 әдістемелік кеңесінің хаттамасы

Күні
2.09.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1.Нормативтік –құқықтық және оқу бағдарламалары құжаттарымен таныстыру.
/Әдіскер Әжімұрат Б.Қ/
2. Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметінде перспективалық жоспар мен циклограмманы жазу тәртібін түсіндіріп, үйрету. / Әдіскер Әжімұрат Б.Қ /
3.«Жас маман мектебін» құру. (шығармашылық топ) /Меңгеруші Махметова Ж.К./
4. Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындау. / Меңгеруші Махметова Ж.К./
5.Тәлімгерлік туралы ережемен таныстыру . / Әдіскер Әжімұрат Б.Қ /
6. Кеңес «Балабақшадағы жас мамандарға көмек» / Психолог Қалдыбекова Г С/
7.Тренинг «Жас мамандардың ортаға бейімделуін арттыру». / Психолог Қалдыбекова Г С/

1. **Әдіскер Б.Қ. Әжімұрат :** 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);
4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);
5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Сіздерге үлгілер таратылды, үлгі бойынша перспективалық жоспар мен циклограммаларды жазамыз.
2. **Меңгеруші Махметова Ж.К.**: Бізде жас мамандар: Әбілда Айжан, биыл ғана педагогикалық колледжді аяқтап, тестан өтіп, бізге жұмысқа келіп отыр, әдістемелік көмек қажет етеді, оларға қолдау көрсету үшін шығармашылық топ құрамыз, яғни «Жас маман мектебі» деп аталады. «Жас маман мектебінің» жоспары жасалынып, бекітілсін.
3. **Меңгеруші Махметова Ж.К.**: Шығармашылық топтың , тәлімгерлердің жетекшісі педагог-модератор Уразбьекова Ж. Көмекшілері педагог модератор инновация әдіскеріУсенова А.Б. жетекшілік етеді, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу тәртібін үйретіп, әрқашан бағыт- бағдар беріп отырады.
4.Тәлімгерлік туралы ережені әдіскер Әжімұрат Б.Қ. таныстырып өтті.

5. **Психолог Қалдыбекова ГС** «Жас мамандардың ортаға бейімделуін арттыру» атты тренинг өткізді.
Тренингтің мақсаты: Педагогтардың «Мен педагог» позитивті концепциясын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыруға, жаңа ортаға бейімделуіне басқа адамдарды түсінуге психологиядық қолдау көрсетіп, дамыту.:

Шешімі:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективалық жоспары мен циклограммасы дұрыс жазылсын.

Мерзімі: үнемі
Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

2. «Жас мамандар мектебі» құрылсын.

Мерзімі: 2.09.2025 жыл
Жауапты:Әдіскер Әжімұрат Б.Т.

.

3. Жас маман Әуезбекова Алтынарайға Хасанова Ғ.Б. және тәлімгерлер жетекшісі ретінде әдіскер Каирбекова Г.Т. бекітілсін.

Мерзімі: 2.09.2025 жыл
Жауапты: Меңгеруші Махметова Ж.К

4. Тәлімгерлік туралы ереже бекітілсін.

Мерзімі: 2.09.2025 жыл

Жауапты: Меңгеруші Махметова Ж.К

Әдіскер Б.Қ. Әжімұрат
Меңгеруші Ж.М.Махметова

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК
2025-2026 оқу жылының № 2 әдістемелік кеңесінің хаттамасы

Күні: 23.12.2025 жыл Астана қаласы
Қатысқандар: 16 педагог

Тақырыбы:Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелерімен таныстыру.

1.Тыңдалды Әдіскер Әжімұрат Б.Қ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы, №83 бұйрық , 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдар атқаратын педагогтерді аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:1) Ұлттық біліктілік тестілеу;

2) біліктілік санатын беру (растау) рәсімі;

3) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

4). Педагогтерді аттестаттау бес жылда кемінде бір рет, білім беру ұйымдарының басшыларын – "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет өткізіледі.

5. Педагогтер аттестаттаудан өту үшін ұлттық біліктілік тестілеуді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымға өтініш беру жолымен тапсырады және ұлттық біліктілік тестілеуден электрондық форматта өтеді.

6. Ұлттық біліктілік тестілеу педагог өтінішінде көрсетілген мерзімде өткізіледі.

7. Педагогтердің өтініштерін қабылдау кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын, білім беру ұйымдары басшыларының өтініштерін қабылдау тестілеу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жүргізіледі.

8. Ұлттық біліктілік тестілеу: 1 (бір) рет – тегін,

қайта 1 рет және сынақ (педагогтің қалауы бойынша) - күнтізбелік жыл ішінде ақылы негізде өтеді.

9. Ұлттық біліктілік тестілеу келесі тест тапсырмаларынан тұрады:

II – кезең. Педагог қызметкерлер қызметінің қорытындысын талдау.

I санатқа кезектен тыс тапсырған тәрбиешілер тестке қатысады. Тест тегін, электронды форматта Ұлттық біліктілік тестілеу орталығында жүргізіледі. Егерде тест кезінде қателіктер болса 60 минут ішінде тапсырмаларды аппеляцияға беруге болады. Бірден Республикалық аппеляцияға түседі. Онлайн аппеляция 3 күнде тәуелсіз сарапшымен қарастырылады. Тест тапсыруға уақыт 3 сағ 20 минут беріледі, тест 100 тестік тапсырмадан тұрады. Оқу пәнінің мазмұны - 70 тапсырма, Педагогикалық оқыту әдістемесі бойынша -30 тапсырма беріледі.

Тест 2-5 қараша аралығында өтеді.Бағалау көрсеткіштері мынадай:

«Педагог - зерттеуші» - 70% -56 бал
«Педагог - шебер»- 80% - 64 бал
«Педагог - сарапшы»-60% -48 бал
«Педагог - модератор»- 50% -40 бал

Тестілеу кезінде телефон, смартфон, әдебиеттер қолдануға тыйым салынады, Тәртіп сақтау қағидаларын бұзу фактілері анықталса, нәтиже жойылады.

II – кезеңге мыналар жатады
Берілген материалдар негізінде талдау. Әдістемелік шеберлік және мәдениет деңгейін анықтау. Педагогтардың біліктіліктері балабақшаның даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында базистік оқу жоспарына қосымша курстары, жеке жұмыстар балалардың қызығушылығы мен таңдауы бойынша жұмыстар ұйымдастырылады. Педагогтарда міндетті түрде болу керек: 36 немесе 72 сағат біліктілік арттыру курстары, кітап, газет-журнал, басылымдар; портфолио электронды форматта; біліктілік арттыру курстары мен семинарлар сертификаттары , педагог жетістіктері мен балалар жетістіктері.

Шешімі:

1.Қазақстан Республикасының мемлекеттік Білім мекемелерінің педагогтарын аттестаттау ережелеріне сай жұмыстар жүргізілсін.

Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар:Тәрбиешілер мен мамандар.

2.Аттестатталушы педагогтардың іс- шаралары сынақтан өту кестесі таныстырылсын.

Мерзімі: 23.12.2025 жыл
Жауаптылар: АК мүшелері

Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат
Меңгеруші Ж.К.Махметова

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК
2025-2026 оқу жылының № 3 әдістемелік кеңесінің хаттамасы

Күні: 31. 03.2026 жыл
Қатысқандар: 16 педагог

Тақырыбы: «Балабақшада оқытудың негізгі принциптерін қолдану спецификасы».

1.Тыңдалды Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат: Көрнекі-әрекетті және көрнекі-бейнелі ойлау мектепке дейінгі балалардың оқытуын ұйымдастыруда ең басты орын алады, көрнекілік принципі. Мектепке дейінгі балаларда оның маңызы күрделене түседі, оның мазмұны оларда бейне ретінде қалыптасады, тікелей заттарды, құбылыстарды, қоғамдық өмір және табиғатты қабылдау. әртүрлі көрнекіліктің түрлері (заттар, суреттер, кітаптың графикалары және т.б.), оқыту процесінде қолданылады, балаларда жаңа құбылыстарды толық, нақты бейне қалыптастыру үшін, кейде барларына түзетулерде жүргізіледі.

Көрнекілік принципін жүзеге асыру балалардың алған білімдерін түсінуге көмектеседі, дағды және біліктіліктерін қалыптастырады. Нақты бейне балалардың әртүрлі өздеріне таныс әрекеттерінде қолдануға, процесті танып білуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі балаларды оқытуда **белсенді және дербестік принципін** қолдану, оқытудың әдіс және тәсілдерімен байланысты, бұл балаларды белсенділікке итермелейді, соның арқасында ол өздігінен «жаңалық» ашады – жаңаны танып біледі, оған әлі таныс еместерін. Балаларды оқытуда оқу-танымдық тапсырмаларын шешуде, оларды шығармашылық тапсырмаларды орындауларымен қиыстыру керек, балалардың алдына қойылған шығармашылық тапсырмаларын шешуге, өздігінен ізденулеріне мадақтап, ықпал жасау керек,
Оқыту процесінде балалардың белсенді және дербестік қатысуларын көрсету: оларды үлкендердің бағыттау әрекетімен оқытудың жүйелі әдіс және тәсілдерімен қамтамасыз етеді. Тәрбиеші балалардың белсенді болуларын жетелейді, олардың әрекеттерін ұйымдастыруда көбіне ырықсыз зейінге сүйенеді, қызықты және ойын материалдарын қолданады, сабақты көркем безендіреді, оқыту әрекетіне балалардың әртүрлі әрекетін Мектепке дейінгі балаларды оқытуда, **оқытудың жүйелілік және тізбектілігінің принципінің** өз спецификасы бар. Бұл принцип берілетін білім, дағды және біліктіліктің логикалық мазмұнын талап етеді. Бұл логика оқыту бағдарламасының бөлімінде біртіндеп дәне тіздектелік бір білімнен басқасына ауысып отырады, олардың кеңеюіне және күрделене түсуін қарастырады. Мектепке дейінгі балаларды жүйелілік және тізбектілік оқытудың өзіндік ерекшелігі - мазмұнының көлемі аздау болады, біруақытта меңгерілетін, жиі және қайталауда мазмұнының көлемі күрделене түседі. Мектепке дейінгі балаларды **жүйелілік және тізбектілік оқыту** меңгерілетін білім, дағды және біліктіліктің беріктігін қамтамсыз етеді. Оқыту процесінде әртүрлі әдістер (көрнекілік, тәжірибелік және сөздік) қолданылады. әрбір топ әдісі басты ойлау формасының негізінде құрылады (көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелі, сөздік-логикалық), оқытудың мазмұнын берік меңгеру үшін жағдайлар жасайды. **Беріктілік принципін** жүзеге асыру үшін, оқытуды балалардың күнделікті өмірі және әрекетімен тікелей байланыста (ойындарда, еңбекте) болу керек. Сабақты оқытудың құрылымының мақсатын – балалар білім, дағды және біліктілерін қолданылатындай етіп, жаттығулар түрінде қарастыру керек. Мектептегі сияқты,

балабақшада да балалардың **жас және индивидуалды ерекшеліктерін есепке ала отырып**, оқыту принципі болып табылады.

Балалардың жес ерекшеліктерін есепке алу барлық негізгі принциптерді жүзеге асыруда қолданылады. Сонымен қатар балалардың эмоционалды күйлерін және шаршап қалуларын, сабақтың мазмұнында нақты уақытын ескерілуі қажет. Сабақтың қалыпты эмоционалды фонын ескере, тәрбиеші балалар шаршап қалмау үшін, түрлі оқу әрекеттерін (тыңдау, айту, жаттығулар, бақылау), бірқалыпты фронталды үйлесімді болуын, берілген тапсырмаларды балалар өздігінен әрекет ететіндей (таратпа материалдар және т.б.) жағдай жасайды. Мектепке дейінгі жастағыларда, мектепке қарағанда индивидуалды өзгерістері байқалады, балалардың психикалық дамуы бір қалыпты болмайды. Балалардың белсенділік дәрежесі, қабылдау және есте сақтауында, жалпы жұмыс істеу қабілеттерінде айырмашылықтар болады. Осылардың бәрін еске ала отырып, тәрбиеші зейінді дамытуға және ұяң балаларды, тез меңгере алмайтын, белсенділігі төмен балалармен жұмыс бағыттарын ұйымдастырады. Бұл балалармен жиі қосымша түсіндіреді, әрекет жасаудың тәсілдерін көрсетеді және олардың жеткен жетістіктерін жағымды бағалайды. Тәрбиеші біртіндеп балаларды жалпы тапсырмаларды бірге шешуге үйретеді. Тәрбиеші әр балаға тапсырмалардың көлемін белгілейді. Күнделікті жұмыс әрекетінде балалардың әр түрлі жылдамдықтарына байланысты индивидуалды жолдарында қарастырады.

Шешімі:

1. Балабақшада оқытудың негізгі принциптерін балалардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыста қолдансын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: Тәрбиешілер мен мамандар.

Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат

Меңгеруші Ж.К.Махметова

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы МКҚК
2025-2026 оқу жылының № 4 әдістемелік кеңесінің хаттамасы

Күні: 22.05.2026 жыл

Тақырыбы: Мектепке дейінгі балаларды оқыту әдістемесі.

1.Тыңдалды әдіскер Әжімұрат Г.Т: Оқыту процесі әр түрлі әдістермен жүзеге асырылады. Әдіс – дегеніміз оқытушы мен оқушының әрекетінің арасындағы бірі-бірімен байланыси тәсілдер жүйесі, бағытталған оқу-тәрбие міндеттерін жүзеге асыру.Кез келген әдістің ішкі және сыртқы жақтары болады. Ішкі жақтары – бала мен педагогтың әрекеттерінің тәсілдер жүйесі. Сыртқы – негізгі немесе басқа әрекет тәсілдеріне жататын психикалық танымдық процестері.Нақты әдістердің элементтерін тәсіл деп атайды. Әдіс пен тәсілдің өзарабайланысы диалектикалық: тәсіл, әдістің негізгі бір бөлігі, кейбір жағдайларда міндеттерді шешуде әдіс ретінде қолданылады. Әдіс пен тәсілдің арасындағы негізгі айырмашылық көлемінде және оқу-танымдық міндеттердің соның көмегімен шешілетіндігінде, әдіс жалпы оқу тапсырмаларын шешуге бағытталған (логикалық бөлімдерін) толығымен, тәсіл - тапсырмалардың бөлігін шешуге бағытталған.Оқыту әдісі педагог пен балалардың арасындағы білім, біліктілік және дағдыларын, дүниекөзқарастарын қалыптастыру және қабілеттерін дамыту тәсілдері сияқты қарастырылады. Оқыту процесінде әртүрлі әдістемелер қолданылады: бақылау, сурет көрмелері мен экрандық әдістемелер, тәжірибелер, жаттығулар, әңгімелесулер, ойын әдістері, тәрбиешінің әңгіме айтып беруі және т.б. **Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудың әдістемесін классификациясы.**Оқытудың әдісін педагог пен балалардың біріккен әрекетінің тәсілі ретінде, соңғы білім, дағды және біліктіліктерді меңгеруге бағытталған, балаларда ақыл-ой күшін және қабілеттерін қалыптастыруға, мінез-құлық және сезімдерін тәрбиелеуге, әдістердің классификация негіздеріне мектепке дейінгілердің ойлау формалары (көрнекі-бейнелі, көрнекі-әрекеттік және сөздік-логикалық) жатқызуға болады.. Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту процесінде көрнекі-әрекеттік әдіс (көрнекі және тәжірибелік) қолданылады. Білімнің негізін бейнелеу деңгейінде және алғашқы заттар туралы түсінікті осы әдістер арқылы қалыптастырады. Бұл әдістер көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлау, мектепке дейінгі жастағыларда ең қолайлы даму кезең. Мектеп дейінгі жастағы балалардың негізгі ойлау формалары көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі болып табылады. Соған байланысты мектепке дейінгілерді оқытудың негізгі әдістері мыналар: тәжірибелік, көрнекі, сөздік, ойындар.
Зерттеу материалдары мектеп және мектепке дейінгі педагогика және психология бойынша игерген білім және біліктіліктері балалардың оқу-танымдық әрекеттерінің нәтижесі болып табылады. Бұл әрекеттер ерекшеліктері білімнің құрылысы мен функциясын анықтайды .

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі балаларды оқыту әдістемесі бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сай жұмыста қолдансын.

Мерзімі: жыл бойы
Жауаптылар: Тәрбиешілер мен мамандар.

Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат
Меңгеруші Ж.К.Махметова

Тақырыбы: «Балабақшада жобалау әдісінің маңыздылығы және жүргізілу әдісі»

Тыңдалды әдіскер Әжімұрат Г.Т - Жобалау әдісі – инновациялық педагогикалық технология. Педагогикалық жоба ол педагогтардың арнайы ұйымдастырған, балалардың өздігінен шешім қабылдауын және де өз таңдауы мен еңбегінің, шығармашылығының нәтижесіне өзін жауапты ететін іс-әрекеттер тобы. Арнайы білімді қажет ететін айқын мәселелерге ынталандыру және жоба іс-әрекеті арқылы мәселенің шешімін қамтитын білімнің іс-жүзінде пайдалануы

Жобалау әдісі түсінігінің негізгі тезисін танып жатқанымыздың барлығын не үшін қажет екенін және бұл білімді қайда және қалай пайдалану керектігін білеміз.

Жобалау әдісі – жеке басқа бағытталған оқыту әдісі. Ол оқудың мазмұндық бөлігі мен тапсырма кешені арқылы шеберлік пен дағдыны дамытады.

Педагогикалық жобалау – қандай да бір мәселенің шешімін көрсететін жоба жасау үрдісі. Ол оқу үрдісі жағдайында орындалатын және оның тиімді жұмыс істеуі мен дамуына бағытталған іс-әрекет.

Жобалап оқытудың артықшылықтары:логикалық дәрежеде ойлау мен белсенді зерттеуді мадақтау,балалардың өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің артуы,жобамен жұмыс жасағанда, дәстүрлі оқытумен салыстырсақ балалар өз оқуларының жауапкершілігін байыпты түрде өздері алады. Нәтижесінде оқудың сапасы жақсарады және ойлау мүмкіншілігі мен мәселені түсіне білу, ынтымақтасу және қарым-қатынас сияқты іс-әрекет шеберлігі мен әдістерін дамыту мүмкіншілігі артады.Сонымен бірге даму деңгейі әр түрлі балаларды оқыту мүмкіншілігі артады.

Жобалау әдісінің басты идеясы: балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, өз беттерінше және тәрбиешісі мен ата-анасының көмегі арқылы өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауды дамыту.

Жобалаудың түрлері: 1.Монопәндік – білім саласындағы мәселелерді шешетін «Салауатты өмір салты» жобасы, 2.Пәнаралық – таным қабілеттерін арттыруға арналған мәселелерді шешетін жоба, яғни бір тақырыпты әр түрлі саладағы ұстаным бойынша қарастырамыз.

Жобаның тақырыбы келесі талаптарға жауап береді.

1. оқыту мазмұнына таңдалады, яғни мемлекеттік стандарттың талаптарына сай келуі керек;
2.тақырып бағдарламадан тыс таңдалып, оқу жоспарының бөлімімен сай келуі мүмкін;
3.мектепке дейінгі жастағы балаларға жақын және түсінікті болуы тиіс;
4.жақын даму аймағында орналасуы тиіс;

Мектепке дейінгі білім беруде жобалардың мына түрлері пайдаланылады:

1.Эмпирикалық: тірі және өлі табиғат әлемінде өздік бақылаулар мен эксперименттер жүргізу. Нәтижелер өсімдік сақтайтын бүктемелер, тәжірибе картотекалары ретінде рәсімделеді.

2.Зерттеу: ізденеді, деректерді жинақтап қорытады,табиғат құбылыстары туралы әр түрлі дерекнамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер,интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады.Қызыл кітап арқылы (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

3.Рөлдік ойындар жобасы: бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы.Мұнда балалар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді. Нәтижесінде: -Мазмұнды ойын, бала мерекелері ұйымдастырылады, балалар ертегілерді кейіптендіре біледі.Су асты әлеміне ойын-саяхаттары ойналады. Балалар «Театр» сюжеттік-рөлдік ойындар ойнауға үйренеді.

4.Шығармашылық жоба: әдетте қатысушыларда ортақ іс-әрекеттерінің дайындалған құрылымы болмайды.Бұл балалардың үлгілер мен пішімдер жасау, әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған кейіпкерлері бар әңгімелер.Нәтижесінде балалар музыкалық ертегі драмаластыру, столүстілік театры арқылы әңгімелер ойлап табу,

кейіпкерлер дайындау, ата-аналар мен балаларға қойылым көрсету мен сахналастырылған,суреттелген диафильмдердің фильмотекасын жасау, альбом дизайны көрмесі.Шығармашылық жобаларда табиғи және құнсыз материалдарды пайдаланған жөн.

5. Фантастикалық жоба: таныс әңгімелер мен ертегілер, мультфильмдерді мазмұнына қарай отырып, **Жобаға қатысушылар құрамы** : топ, шағын топ, жеке, отбасы, жұп болуы мүмкін.**Жобаның ұзақтығы :** қысқа мерзімді – 1,2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта, орта мерзімді 1-3 ай, ұзақ – бір жылға дейін.

Жобалаудың негізгі қызметі – бағдарламаны белгілеп, арнаулы іс-әрекеттердің жалғасуына құралдар таңдау.Жобалық әдіс – айқын іс-әрекеттер кезеңінен өтетін айдың пайда болуынан бастап жүзеге асуы.

Жоба құрылымы бойынша 3 кезеңге бөлінеді.

1.Дайындық.

2.Негізгі.

3.Қорытынды.

Жобалық іс-әрекеттің кезеңдерінің мазмұнын қарастырайық.

Дайындық (ұйымдастыру) кезеңінде не үшін дәл осы жоба таңдалды деген сұраққа жауап бере отырып,жобаның қазіргі мән-жайы, бұл жоба қандай мәселелерді шешеді және бұл жобаның нәтижесі қандай болмақ осы сұрақтарға жауап беріледі.Сонымен бірге жобаның тақырыбы, мақсаты, міндеті, мәселесі, уақыты және қоры анықталады.Жұмыстық жоспар жасалады, командалар құрылымы, жауапты адамдар тағайындалады.

Негізгі кезең – жобаның жүзеге асуы кезеңі бұл кезеңде ақпарат жинап және оны анықтайды, жобаны жасақталады, жоспар бойынша негізгі іс-шаралар өткізіледі, жоспарларды бақылау және түзету жұмыстары жүргізіледі.

Жобаның жүзеге асырылуы арасында өзгерістер енгізілуі де мүмкін. Бастысы бағдарламаның дәл дұрыс орындалуы емес жұмыстың тиімділігі (жобаның мақсатқа жетуі).

Қорытынды кезеңде жобаны қорғау, рефлексия, қойылған мақсат тұрғысынан алынған нәтиженің бағалануы және түзетулері енгізіліп және қорытындыланады.

Даму перспективаларын анықтау жобаның соңғы кезеңі – жобаны қорғау- әрқашан көріністі. Оған ата-аналармен кішкентай балаларды, жалпы қонақ шақыруға болады. Дәл осы кезеңде жоба эмоциялық тұрғыдан қыза түседі және осы кезде оның әлеуметтік маңыздылығын да арттыру керек.Не үшін, кім үшін жасалғанын және жалпы не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Қорғау өте жарқын болуы керек, онда әрбір баланың, әр ата-ананың, әр мұғалімнің еңбегі көрінетіндей етіп ойластыру керек.

Мақсаттылық жобаның белгілері: (мақсат жоқ болса – жоба да жоқ). 1. Өзгеріс (оқу процесінің қажет күйге айналуы). 2.Уақытына шектеу қою (барлық жобаның басталып, аяқталатын мерзімі болуы керек). 3.Жобаның бірегейлігі.4.Қажет қордың шектеулігі.

Жобаға қойылатын негізгі талаптар: Шешімін іздейтін мәселенің болуы, жоба бұл байсалды ойын,баланың дербестігі және ата-ана мен баланың ортақ шығармашылығы;

Білімді қолданыста пайдалану үшін мектеп жасына дейінгі балалармен өз ықыластарымен ұсынылған кішігірім жобалар алу қажет, сонымен қатар 3 нәрсеге көңіл аудару қажет: Мектепке дейінгі баланың қызығушылығы,оның белсенділігі және оның дербестігі;

Қорытындылай келе жобалау әдісі арқылы төмендегідей нәтижеге қол жеткізуге болады: Педагогтардың ақпараттық коммуникациялық технологиялар туралы білімдері анықталады, балаларды, ата - аналар мен мұғалімдерді кешенді сүйемелдеу қалыптары дайындалады(жоба бойынша шығармашылық топтың жоспары жасалды), әр бір педагог жеке кішігірім жобалар жасап, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пайдалану сабақтарының конспектілері дайындалады, балабақшада даму ортасы жетіледі және кеңестер өткізіліп,педагогтарға практикалық кеңестер,ал ата- аналарға жобаны жүзеге асыру бойынша кеңестер беріледі.

Шешімі:

1. Педагогтардың ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы жобалау әдісін жұмыстарында қолдансын

Мерзімі: қараша-наурыз айлары
Жауаптылар: Тәрбиеші Агыбетова Р.Е

.

Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат
Меңгеруші Ж.К.Махметова